Оферта	Оферта
«Астро-портал» сервисін пайдалану шарттары (бұдан әрі – Оферта)	**Условия использования сервиса «Астро-портал» (далее – Оферта)**
А) Осы Оферта (бұдан әрі – «Оферта») бұдан әрі **«Әкімшілік»** деп аталатын «Мобильді сәйкестендіру орталығы» ЖШС (Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Есіл ауданы, Алматы к-сі, 7-үй, 704-кеңсе, БСН 200640004611) «Кселл» АҚ (бұдан әрі – **«Оператор»**) абоненттері болып табылатын пайдаланушыларға ұсынатын **«Астро-портал»** сервисін (бұдан әрі – **«Сервис»**) пайдалану тәртібі мен шарттарын айқындайды. Б) astro-portal.kz мекенжайында орналасқан Сервистің Сайтына (бұдан әрі – **«Сайт»**) кіру арқылы және/немесе оның функционалын пайдалана отырып, Сервис пайдаланушысы (бұдан әрі – **«Пайдаланушы»**) өзіне осы Офертамен танысуға мүмкіндік берілгенін растайды. Осы Офертада көзделген тәсілдердің бірімен Сервисті қоса отырып, Пайдаланушы осы Оферта шарттарын толық және сөзсіз қабылданғанын растайды. Сервиске қосылған сәттен бастап Пайдаланушы Оферта шарттарын орындауға міндетті болады. Пайдаланушы – Оператордың абоненті, абоненттік нөмірінің иесі не заңды пайдаланушысы болып табылатын және Сервиске ақы төлеу үшін осындай абоненттік нөмірдің дербес шотын пайдалануға құқығы бар әрекетке қабілетті жеке тұлға.	А) Настоящая Оферта (далее – «Оферта») определяет порядок и условия использования сервиса **«Астро-портал»** (далее – **«Сервис»**), предоставляемого ТОО «Центр Мобильной Идентификации» (Республика Казахстан, 010000, г. Астана, район Есиль, ул. Алматы, д. 7, офис 704, БИН 200640004611), именуемым в дальнейшем **«Администрация»**, пользователям, являющимся абонентами АО «Кселл» (далее – **«Оператор»**). Б) Посещая Сайт Сервиса, расположенный по адресу astro-portal.kz (далее – **«Сайт»**), и/или используя его функционал, пользователь Сервиса (далее – **«Пользователь»**) подтверждает, что ему предоставлена возможность ознакомиться с настоящей Офертой. Подключая Сервис одним из способов, предусмотренных настоящей Офертой, Пользователь подтверждает полное и безоговорочное принятие условий настоящей Оферты. С момента подключения к Сервису условия Оферты становятся для Пользователя обязательными к исполнению. Пользователем является дееспособное физическое лицо, являющееся абонентом, владельцем либо правомерным пользователем абонентского номера Оператора и имеющее право использовать лицевой счет такого абонентского номера для оплаты Сервиса.
1. Сервисті пайдаланудың жалпы шарттары 1.1. Сервис әкімшілігі Пайдаланушыға Сервиске қол жеткізу қызметін – астрологиялық тақырыптағы дербестендірілген ақпараттық-ойын-сауық материалдарына қол жеткізуге жазылымды ұсынады. Сервис дербестендірілген астрологиялық материалдарды туған күні, уақыты мен туған жері, сондай-ақ Пайдаланушы Сервисте көзделген жолдарда өз еркімен көрсеткен өзге де мәліметтер негізінде қалыптастыруға және қарауға мүмкіндік береді. Сервистің функционалдық мүмкіндіктері дербес астрологиялық мінездемелер мен есептеулерді, жорамалдарды, үйлесімділік туралы материалдарды, тақырыптық ұсынымдарды және Сайтта орналастырылған өзге де контентті қамтуы мүмкін.	**1. Общие условия использования Сервиса** 1.1. Администрация Сервиса предлагает Пользователю услугу доступа к Сервису – подписку на доступ к персонализированным информационно-развлекательным материалам астрологической тематики. Сервис позволяет формировать и просматривать персонализированные астрологические материалы на основании даты, времени и места рождения, а также иных сведений, добровольно указанных Пользователем в предусмотренных Сервисом полях. Функциональные возможности Сервиса могут включать персональные астрологические характеристики и расчеты, прогнозы, материалы о совместимости, тематические рекомендации и иной контент, размещенный на Сайте.

Сервисті қосқан абонент функционалдық мүмкіндіктерге және Сайтта орналастырылған контентке astro-portal.kz мекенжайы бойынша қол жеткізе алады.
Сервис шеңберінде ұсынылатын материалдар мен нәтижелер тек ақпараттық-ойын-сауық сипатына ие, объективті немесе ғылыми анықталған фактілердің тұжырымын білдірмейді, белгілі бір оқиғалардың басталатынына кепілдік бермейді және медициналық, психологиялық, қаржылық, заңгерлік не өзге де кәсіби кеңес немесе ұсыным болып табылмайды.

1.2. Сервисті пайдалану ақылы. Сервисті қосу:

- Сервистің astro-portal.kz Сайты арқылы, ол үшін Пайдаланушы Сервистің ақылы функционалына жүгіне отырып Сайттың тиісті блогында, жеке кабинетте немесе қалқыма терезеде «Қосылу», «Жазылу» батырмаларын не мағынасы жағынан ұқсас басқа батырманы басып, қосылуды растауға тиіс;
- *295*1# USSD кодын теру және тиісті USSD интерфейсінде қосылуды растау арқылы;
- кейіннен қосылуды растай отырып, интернет беттерін, мобильді қосымшаларды және планшеттерге арналған қосымшаларды қоса алғанда, әртүрлі digital-ресурстардағы батырманы немесе баннерді басу арқылы Сервисті белсендіру жолымен;
- ақпараты Сайтта орналастырылуы немесе Оператордың арналары арқылы Пайдаланушының назарына жеткізілуі мүмкін өзге де тәсілдермен жүзеге асырылады.

1.3. Сервистегі функционалдық мүмкіндіктер тізбесін Әкімшілік айқындайды және ол Сайтта ақпараттық материалдарды орналастыру арқылы кез келген уақытта өзгертілуі мүмкін. Егер Оферта өзгертілгеннен кейін Пайдаланушы Сервиске ақы төлеуді және/немесе оны пайдалануын жалғастырса, бұл оның Офертаның жаңа редакциясымен келіскенін білдіреді.

1.4. Құны, тарифтеу кезеңі, жазылымды автоматты түрде ұзарту, Сервисті қосу және өшіру тәсілдері туралы мәліметтерді қоса алғанда, Сервисті пайдаланудың техникалық, ұйымдастырушылық және коммерциялық шарттары Пайдаланушының назарына Сайтта ақпараттық материалдарды орналастыру және/немесе Сервисті қосу интерфейсінде тиісті ақпаратты көрсету арқылы жеткізіледі.

1.5. Әкімшілік Пайдаланушыға ұсынылатын ақпараттың Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен нормативтік

Абонент, подключивший Сервис, получает доступ к функциональным возможностям и контенту, размещенным на Сайте по адресу astro-portal.kz.
Материалы и результаты, предоставляемые в рамках Сервиса, носят исключительно информационно-развлекательный характер, не являются утверждением объективных или научно установленных фактов, не гарантируют наступления определенных событий и не являются медицинской, психологической, финансовой, юридической либо иной профессиональной консультацией или рекомендацией.

1.2. Использование Сервиса является платным. Подключение Сервиса осуществляется:

- через Сайт Сервиса astro-portal.kz, для чего Пользователь должен нажать кнопку «Подключить», «Подписаться» либо иную аналогичную по смыслу кнопку в соответствующем блоке Сайта, личном кабинете или всплывающем окне при обращении к платному функционалу Сервиса и подтвердить подключение;
- посредством набора USSD-кода *295*1# и подтверждения подключения в соответствующем USSD-интерфейсе;
- путем активации Сервиса через нажатие на кнопку или баннер на различных digital-ресурсах, включая интернет-страницы, мобильные приложения и приложения для планшетов, с последующим подтверждением подключения;
- иными способами, информация о которых может быть размещена на Сайте или доведена до сведения Пользователя через каналы Оператора.

1.3. Перечень функциональных возможностей в Сервисе определяется Администрацией и может быть в любое время изменен путем размещения информационных материалов на Сайте. Если после изменения Оферты Пользователь продолжает оплачивать и/или использовать Сервис, это означает согласие с новой редакцией Оферты.

1.4. Технические, организационные и коммерческие условия использования Сервиса, включая сведения о стоимости, периоде тарификации, автоматическом продлении подписки, способах подключения и отключения Сервиса, доводятся до сведения Пользователя посредством размещения информационных материалов на Сайте и/или отображения соответствующей информации в интерфейсе подключения Сервиса.

1.5. Администрация несет ответственность за соответствие предоставляемой Пользователю информации требованиям действующего

құқықтық актілерінің талаптарына сәйкестігі үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде жауапты болады.	законодательства и нормативных правовых актов Республики Казахстан в пределах, установленных законодательством Республики Казахстан.
2. Осы Офертаның шарттарын қабылдай отырып, Пайдаланушы мыналармен келіседі: 2.1. Сервистің жұмыс істеу процесінде техникалық себептерден туындаған іркілістер, қателер, үзілістер болуы мүмкін. Әкімшілік өзінің кінәсі болмаған ретте телекоммуникациялық және энергетикалық желілердегі іркілістер, зиянды бағдарламалардың әсері, сондай-ақ үшінші тұлғалардың бағдарламалық және/немесе аппараттық кешенге рұқсатсыз кіруге және/немесе оны істен шығаруға бағытталған жосықсыз әрекеттері және Әкімшіліктің орынды бақылауынан тыс өзге де мән-жайлар салдарынан өз міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін жауапты болмайды.	**2. Принимая условия настоящей Оферты, Пользователь соглашается, что:** 2.1. В процессе функционирования Сервиса возможны сбои, ошибки, перерывы, вызванные техническими причинами. Администрация не несет ответственности за неисполнение либо ненадлежащее исполнение своих обязательств вследствие сбоев в телекоммуникационных и энергетических сетях, действий вредоносных программ, а также недобросовестных действий третьих лиц, направленных на несанкционированный доступ и/или выведение из строя программного и/или аппаратного комплекса, а также иных обстоятельств, находящихся вне разумного контроля Администрации, при отсутствии вины Администрации.
2.2. Сервис мобильді (ұялы) терминалдар, сондай-ақ Пайдаланушылардың дербес компьютерлері арқылы қол жеткізуге арналған. 2.3. Сервиске қосыла отырып, Пайдаланушы Сервисті пайдалану құнымен, тарифтеу кезеңімен, Сервисті пайдалану құнын күн сайын есептен шығарумен, жазылымның өшірілетін сәтіне дейін оның автоматты түрде ұзартылумен, сондай-ақ осы Офертада көрсетілген Сервисті өшіру тәсілдерімен танысқан және келіскен болып есептеледі. 2.4. Пайдаланушы осы Офертаны орындау шеңберінде Әкімшілік және/немесе Оператор оған 295 қысқа нөмірінен тегін сервистік SMS-хабарламалар жібере алатындығы жөнінде хабардар етілді және онымен келіседі. Сервистік хабарламалар осы Офертаны орындау үшін жіберіледі және жарнамалық хабарламалар болып табылмайды. 2.5. Әкімшілік кез келген уақытта astro-portal.kz мекенжайына жаңа редакцияны орналастыру арқылы осы Офертаны біржақты тәртіппен өзгерте алады.	2.2. Сервис предназначен для доступа посредством мобильных (сотовых) терминалов, а также персональных компьютеров Пользователей. 2.3. Подключаясь к Сервису, Пользователь считается ознакомленным и согласившимся со стоимостью использования Сервиса, периодом тарификации, ежедневным списанием стоимости использования Сервиса, автоматическим продлением подписки до момента ее отключения, а также способами отключения Сервиса, указанными в настоящей Оферте. 2.4. Пользователь уведомлен и соглашается с тем, что в рамках исполнения настоящей Оферты Администрацией и/или Оператором ему могут направляться бесплатные сервисные SMS-сообщения с короткого номера 295. Сервисные сообщения направляются для исполнения настоящей Оферты и не являются рекламными сообщениями. 2.5. Настоящая Оферта может быть изменена Администрацией в любой момент в одностороннем порядке путем размещения новой редакции по адресу: astro-portal.kz.
3. Пайдаланушыға тыйым салынған әрекеттер: 3.1. Сайтты Сервистің қалыпты жұмыс істеуіне кедергі келтіруі мүмкін кез келген тәсілмен пайдалану. 3.2. Кез келген тәсілмен құпиясөз таңдау, бұзу не басқа Пайдаланушының атынан осындай Пайдаланушының еркіне қарама-қайшы, Сервиске қол жеткізуге мүмкіндік беретін басқа да әрекеттер. 3.3. Сервис материалдарын жаппай жинау, көшіру немесе жүктеп алу үшін автоматтандырылған құралдарды пайдалану,	**3. Действия, запрещенные Пользователю:** 3.1. Использовать Сайт любым способом, который может помешать нормальному функционированию Сервиса. 3.2. Любым способом осуществлять подбор пароля, взлом либо другие действия, которые позволяют получить доступ к Сервису от имени другого Пользователя вопреки воле такого Пользователя. 3.3. Использовать автоматизированные средства для массового сбора, копирования или выгрузки материалов Сервиса, вмешиваться в

бағдарламалық кодқа араласу, техникалық шектеулерді айналып өту не үшінші тұлғалардың Сервиске заңсыз қол жеткізуіне жол беру.	программный код, обходить технические ограничения либо предоставлять третьим лицам неправомерный доступ к Сервису.
4. Сервис шеңберінде қолжетімді зияткерлік меншік объектілері. 4.1. Сайтта орналастырылған барлық материалдар мен контент, соның ішінде мәтіндер, есептеулер, сипаттамалар, кескіндер, графикалық элементтер, дизайн, бағдарламалық жасақтама, дерекқорлар, бейне, аудиоматериалдар және өзге де объектілер, сондай-ақ олардың топтамалары зияткерлік меншік туралы заңнамаға сәйкес қорғалады. Ақысы төленген қол жеткізу кезеңінде Пайдаланушыға Сервисте көзделген функционалдық мүмкіндіктер шегінде Сервис материалдарын жеке коммерциялық емес мақсатта пайдалануға шектеулі, айрықша емес құқық беріледі, ол үшінші тұлғаларға берілуге жатпайды. 4.2. Сайтта орналастырылған ешқандай материалдар мен контентті (мәтіндік, графикалық, бейне және өзге де объектілерді қоса алғанда), сондай-ақ олардың топтамаларын Әкімшіліктің алдын ала рұқсатынсыз көшіруге, қайта өңдеуге, таратуға, жариялауға, беруге, сатуға немесе өзге де тәсілмен тұтас немесе бөліктерге бөліп пайдалануға болмайды. Осы тыйым Сервис функционалында көзделген «Бөлісу» батырмасы немесе өзге де ұқсас функция арқылы Сервис арнайы қалыптастырған карточкаларды, кескіндерді немесе өзге де нәтижелерді пайдалануға қатысты қолданылмайды.	**4. Объекты интеллектуальной собственности, доступные в рамках Сервиса.** 4.1. Все материалы и контент, размещенные на Сайте, включая тексты, расчеты, описания, изображения, графические элементы, дизайн, программное обеспечение, базы данных, видео, аудиоматериалы и иные объекты, а также их подборки, охраняются в соответствии с законодательством об интеллектуальной собственности. На период оплаченного доступа Пользователю предоставляется ограниченное, неисключительное, непередаваемое право личного некоммерческого использования материалов Сервиса в пределах предусмотренных Сервисом функциональных возможностей. 4.2. Никакие материалы и контент, размещённые на Сайте (включая текстовые, графические, видео и иные объекты), а также их подборки не могут быть скопированы, переработаны, распространены, опубликованы, переданы, проданы или иным способом использованы целиком или по частям без предварительного разрешения Администрации. Настоящий запрет не распространяется на использование специально сформированных Сервисом карточек, изображений или иных результатов посредством предусмотренной функционалом Сервиса кнопки «Поделиться» или иной аналогичной функции.
5. Үшінші тұлғалардың сайттары мен материалдары. 5.1. Сайтта Интернет желісіндегі үшінші тұлғалардың басқа сайттарына, қосымшаларына және материалдарына сілтемелер болуы мүмкін. 5.2. Егер Пайдаланушы Сайттан шығып, үшінші тұлғалардың сайттарына өтуді немесе үшінші тұлғалардың бағдарламаларын пайдалануды немесе орнатуды шешсе, онда ол мұның тәуекелін өзі көтереді. Үшінші тұлғалардың сайттарын, қосымшаларын және бағдарламаларын пайдалану тиісті үшінші тұлғалардың құжаттарымен реттеледі. Егер Әкімшілік пен тиісті үшінші тұлға арасындағы келісімде тікелей өзгеше көзделмесе, Әкімшілік мұндай ресурстардың мазмұны мен жұмысын бақыламайды.	**5. Сайты и материалы третьих лиц.** 5.1. Сайт может содержать ссылки на другие сайты, приложения и материалы третьих лиц в сети Интернет. 5.2. Если Пользователь решит покинуть Сайт и перейти к сайтам третьих лиц или использовать, или установить программы третьих лиц, то делает это на свой риск. Использование сайтов, приложений и программ третьих лиц регулируется документами соответствующих третьих лиц. Администрация не контролирует содержание и работу таких ресурсов, если иное прямо не предусмотрено соглашением между Администрацией и соответствующим третьим лицом.
6. Әкімшіліктің құқықтары. 6.1. Пайдаланушы осы Офертаны бұзған жағдайда, Әкімшілік мұндай Пайдаланушының Сайттың барлық немесе кез келген бөліміне	**6. Права Администрации.** 6.1. В случае нарушения Пользователем настоящей Оферты, Администрация вправе

немесе сервисіне қол жеткізуін біржақты тәртіппен, кез келген уақытта, себептерін түсіндірместен, алдын ала хабарлай отырып немесе хабарламай, осындай әрекеттен Пайдаланушыға келтірілуі мүмкін кез келген зиян үшін жауап берместен тоқтата тұруға, шектеуге немесе тоқтатуға (оның ішінде Сайттан Пайдаланушының деректерін жою арқылы Келісімді толығымен бұзуға) құқылы.	приостанавливать, ограничивать или прекращать доступ такого Пользователя ко всем или к любому разделу или сервису Сайта в одностороннем порядке, в любое время без объяснения причин, с предварительным уведомлением или без такового, не отвечая за любой вред, который может быть причинен Пользователю таким действием (в том числе расторгнуть Соглашение полностью, удалив данные Пользователя с Сайта).
7. Пайдаланушының кепілдіктері мен жауапкершілігі. 7.1. Пайдаланушы Сайтта немесе оның көмегімен көпшілік назарына жеткізетін (жариялайтын) кез келген ақпарат үшін жеке жауапкершілікте болады. 7.2. Пайдаланушы Сервис Әкімшілігінің алдында осы Офертаның шарттарын және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындау үшін жауапты болады. 7.3. Пайдаланушы Сервис Әкімшілігіне Пайдаланушының Сайтты тиісінше пайдаланбауына және/немесе Пайдаланушының осы Офертаны және/немесе үшінші тұлғалардың құқықтарын (оның ішінде авторлық, патенттік, ақпараттық) бұзуына байланысты Сервис Әкімшілігіне келтірілген кез келген залалды Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және шектерде өтейтініне келіседі. 7.4. Егер үйлесімділікті анықтауды қоса алғанда, Сервистің жекелеген функционалдық мүмкіндіктері басқа жеке тұлға туралы мәліметтерді көрсетуді көздейтін болса, Пайдаланушы мұндай тұлғаның келісімі немесе тиісті мәліметтерді пайдалану үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздемесі бар екенін растайды. Пайдаланушы үшінші тұлғалар туралы артық мәліметтерді көрсетпеуге және Сервисті зиян келтіру, қудалау, кемсіту, заңсыз бейіндеу немесе үшінші тұлға туралы ақпаратты құқыққа қайшы тарату үшін пайдаланбауға міндеттенеді.	**7. Гарантии и ответственность Пользователя.** 7.1. Пользователь несет личную ответственность за любую информацию, которую доводит до всеобщего сведения (публикует) на Сайте или с его помощью. 7.2. Пользователь несет ответственность перед Администрацией Сервиса за соблюдение условий настоящей Оферты и требований законодательства Республики Казахстан. 7.3. Пользователь соглашается с тем, что возместит Администрации Сервиса любые убытки, понесенные Администрацией Сервиса в связи с ненадлежащим использованием Пользователем Сайта и/или нарушением Пользователем настоящей Оферты и/или прав (в том числе авторских, патентных, информационных) третьих лиц в порядке и пределах, предусмотренных законодательством Республики Казахстан. 7.4. Если отдельные функциональные возможности Сервиса, включая определение совместимости, предполагают указание сведений о другом физическом лице, Пользователь подтверждает, что имеет согласие такого лица или иное предусмотренное законодательством Республики Казахстан основание для использования соответствующих сведений. Пользователь обязуется не указывать избыточные сведения о третьих лицах и не использовать Сервис для причинения вреда, преследования, дискриминации, незаконного профилирования или неправомерного распространения информации о третьем лице.
8. Пайдаланушыға Сервисті ұсыну шарттары. 8.1. Сервиске қол жеткізу үшін Пайдаланушы Сервисті осы Офертада көзделген тәсілдердің бірімен қосуға тиіс. 8.2. Сервис қосылғанға дейін Пайдаланушы осы Офертаны, Дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімді және Сервис пайдаланушыларының дербес деректерін жинауға,	**8. Условия предоставления Сервиса Пользователю.** 8.1. Для получения доступа к Сервису Пользователь должен подключить Сервис одним из способов, предусмотренных настоящей Офертой. 8.2. До подключения Сервиса Пользователь обязуется внимательно прочитать настоящую Оферту, Согласие на сбор и обработку персональных данных и Политику в отношении

өңдеуге және қорғауға қатысты саясатты мұқият оқып шығуға міндеттенеді. Сервисті қоса отырып, Пайдаланушы өзінің әрекетке қабілеттілігін, абоненттік нөмірді және осындай нөмірдің дербес шотын пайдаланудың заңдылығын, сондай-ақ қосылу кезінде ұсынылған мәліметтердің дұрыстығын растайды. 8.3. Сайт арқылы Сервисті пайдалану құны – қолданылатын салықтарды қоса алғанда, тәулігіне 100 теңге. 8.4. Сервисті Пайдалану құны пайдаланушының шотынан күн сайын шығысқа шығарылады. Дербес шотта ақша қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда Сервис ұсынылмайды не тиісті есептен шығару мүмкіндігі пайда болғанға дейін тоқтатыла тұрады. Сервисті пайдалану кезеңі күнтізбелік айға байланыстырылмаған және Пайдаланушы Сервисті қосқан кезден бастап есептеледі. 8.5. Сервисті пайдалану құны Пайдаланушы осы Офертада көзделген тәсілдердің бірімен Сервисті пайдаланудан бас тартқанға дейін Пайдаланушының абоненттік нөмірінің дербес шотынан күн сайын алынып отырады. 8.6. Сервисті: • astro-portal.kz сайтында, ол үшін Пайдаланушы жеке кабинетке немесе профильге кіріп, «Өшіру», «Жазылымды өшіру» батырмаларын немесе мағынасы жағынан ұқсас басқа батырманы басу арқылы жазылым мәртебесін өзгертуі керек; • Сервисті өшіру үшін *295*1*0# USSD кодын теру арқылы; • байланыс орталығының операторы арқылы өшіруге болады. Өшіру тіркелген сәттен бастап Сервис құнының жаңа шығысқа шығарылуы тоқтатылады. Сервисті пайдаланудың ақы төленген кезеңі аяқталғанға дейін Сервиске қол жеткізу тоқтатылмайды. 8.7. Сервисті пайдаланудың ақы төленген кезеңі үшін ақша қаражаты қайтарылмайды. Пайдаланушы Сервис сапасына қатысты негізді кінәрат-талап қойған жағдайда, олар жеке-жеке қаралады. Өтініш astro-portal@cmid.kz мекенжайына жіберілуі керек 8.8. Осы Офертаның шарттарын қабылдай отырып, Пайдаланушы маркетингтік науқандарды өткізу туралы ақпарат алуға өзінің келісімін білдіреді, оның барысында Пайдаланушыларға тиісті электрондық хабарламалардың, сондай-ақ Сервистің жаңа мүмкіндіктері, Сервис Әкімшілігінің жаңа қызметтері туралы	сбора, обработки и защиты персональных данных пользователей Сервиса. Подключая Сервис, Пользователь подтверждает свою дееспособность, правомерность использования абонентского номера и лицевого счета такого номера, а также достоверность сведений, предоставленных при подключении. 8.3. Стоимость использования Сервиса посредством Сайта составляет 100 тенге в сутки, включая применимые налоги. 8.4. Стоимость использования Сервиса списывается со счета Пользователя ежедневно. При недостаточном количестве денежных средств на лицевом счете предоставление Сервиса не производится либо приостанавливается до появления возможности произвести соответствующее списание. Период использования Сервиса не привязан к календарному месяцу и отсчитывается с момента подключения Сервиса Пользователем. 8.5. Стоимость использования Сервиса взимается с лицевого счета абонентского номера Пользователя ежедневно до тех пор, пока Пользователь не откажется от использования Сервиса одним из предусмотренных настоящей Офертой способов. 8.6. Отключить Сервис возможно: • на сайте astro-portal.kz, для чего Пользователю необходимо зайти в личный кабинет или профиль и изменить статус подписки путем нажатия кнопки «Отключить», «Отключить подписку» либо иной аналогичной по смыслу кнопки; • посредством набора USSD-кода отключения Сервиса *295*1*0#; • через оператора колл-центра. С момента регистрации отключения новые списания стоимости Сервиса прекращаются. Доступ к Сервису сохраняется до окончания уже оплаченного периода использования Сервиса. 8.7. Возврат денежных средств за оплаченный период пользования Сервисом не осуществляется. В случае предъявления Пользователем обоснованных претензий относительно качества Сервиса, они рассматриваются в индивидуальном порядке. Обращение следует направить по адресу: astro-portal@cmid.kz. 8.8. Принимая условия настоящей Оферты, Пользователь выражает свое согласие на получение информации о проведении маркетинговых кампаний, в ходе которых Пользователь получает возможность использования Сервиса на особых условиях, путем направления Пользователям соответствующих электронных уведомлений, а

хабарламалардың жіберілуі арқылы Пайдаланушы Сервисті ерекше жағдайларда пайдалану мүмкіндігіне ие болады. 8.9. Осы Офертаға сәйкес Сервисті қосу фактісі Пайдаланушының осы Офертаның шарттарын толық және сөзсіз қабылдағанын растайды. Дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімді Пайдаланушы Сайтта тиісті белгі қою арқылы және/немесе USSD немесе осындай келісімді алғанын растауға мүмкіндік беретін өзге қосылу интерфейсінде жеке растау әрекеті арқылы бөлек ұсынады. Пайдаланушының дербес деректерін жинау және өңдеу Дербес деректерді жинауға және өңдеуге арналған жеке келісімге және сайтта орналастырылған **«Астро-портал»** сервисін пайдаланушылардың дербес деректерін жинауға, өңдеуге және қорғауға қатысты саясатқа сәйкес жүзеге асырылады. 8.10. Сервисті ұсыну Пайдаланушының дербес шотында оған ақы төлеу үшін жеткілікті ақша қаражаты болған жағдайда ғана қолжетімді болады. 8.11. Пайдаланушы Сервис қосылған сәттен бастап күнтізбелік бір тәулік өткеннен кейін, оның дербес шотында қаражат жеткілікті болған кезде және Сервисті ұзартудан бас тартпаған жағдайда Сервиске қол жеткізу автоматты түрде ұзартылатынына және қаражаттың осы Офертада көзделген тәртіппен қайта шығысқа шығарылатынына келісімін білдіреді. 8.12. «Кселл» АҚ радио қамту аймағында болған кезде Сервис үшін бөлінген технологиялық нөмірлерден (нөмірлерге) шығыс (кіріс) технологиялық SMS-хабарламаларды тарифтеу жүргізілмейді. Роумингте болған кезде бөлінген қысқа технологиялық нөмірлерден (нөмірлерге) шығыс (кіріс) SMS-хабарламаларды тарифтеу «Кселл» АҚ байланыс қызметтеріне арналған роумингтік тарифтердің қолданыстағы прейскурантына сәйкес жүргізіледі. 8.13. Әкімшілік пен Пайдаланушы арасындағы қатынастарға Қазақстан Республикасының заңнамасы қолданылады. Егер осы Офертаның бір немесе бірнеше ережесі жарамсыз немесе заңдық күші жоқ деп танылса, ол Офертаның қалған ережелерінің жарамдылығы мен қолданылуына әсер етпейді.	также о новых возможностях Сервиса, новых услугах Администрации Сервиса. 8.9. Факт подключения Сервиса в соответствии с настоящей Офертой подтверждает полное и безоговорочное принятие Пользователем условий настоящей Оферты. Согласие на сбор и обработку персональных данных предоставляется Пользователем отдельно путем проставления соответствующей отметки на Сайте и/или посредством отдельного подтверждающего действия в USSD или ином интерфейсе подключения, позволяющего подтвердить получение такого согласия. Сбор и обработка персональных данных Пользователя осуществляются в соответствии с отдельным Согласием на сбор и обработку персональных данных и Политикой в отношении сбора, обработки и защиты персональных данных пользователей сервиса **«Астро-портал»**, размещенными на Сайте. 8.10. Предоставление Сервиса доступно только при условии наличия достаточного количества денежных средств на лицевом счете Пользователя для его оплаты. 8.11. Пользователь выражает согласие с тем, что по истечении календарных суток с момента подключения Сервиса, при достаточности средств на его лицевом счёте и при отсутствии отказа от продления Сервиса, доступ к Сервису автоматически продлевается, и производится повторное списание средств в порядке, предусмотренном настоящей Офертой. 8.12. Тарификация исходящих (входящих) технологических SMS-сообщений на (с) выделенные технологические номера для Сервиса при нахождении в зоне радио покрытия АО «Кселл» не производится. При нахождении в роуминге тарификация исходящих (входящих) SMS-сообщений на (с) выделенные короткие технологические номера производится в соответствии с действующим прейскурантом роуминговых тарифов на услуги связи АО «Кселл». 8.13. К отношениям между Администрацией и Пользователем применяется законодательство Республики Казахстан. Если одно или несколько положений настоящей Оферты признаются недействительными или не имеющими юридической силы, это не влияет на действительность и применимость остальных положений Оферты.